

Спортшылар бақ сынады

Ауданымызда грепплингтен облыстық турнир өтті

Грепплинг – бұл жекпе-жектің бір түрі, ол негізінен ұстауды, лақтыруды және шектеусіз лақтыру техникасын қамтиды.

Өткен аптада «Достық» стадионында «Меңдіқара батыры» грепплингтен V-ші ашық облыстық турнирі өткізілді. Аталмыш турнир жерлесіміз, спорт шеберінің кандидаты Серік Исмагуловтың құрметіне ұйымдастырылды. Турнир 2018 жылдан бастап аудан төрінде өткізіліп келеді.

Биылғы жылы Қостанай, Рудный, Әуликөл, Арқалық, Меңдіқара қалаларынан он команда және 10-20 жас аралығындағы 196 қатысушы жеңімпаз атағына таласты.

Серік Жақсылықұлы 1988 жылы ауданымызға қарасты Иванов ауылында дүниеге келген. Ахметқазы Шотаев атындағы Боровской орта мектебінде білім алып, мектептен кейін Қостанай кооперативтік техникумына оқуға түседі. Студенттік шақта «Сұлтан» спорт мектебінде тәлім алып, бозбала шағында спорт шеберінің кандидаты атағына ие болады. Болашағынан үлкен үміт күттірген мықты спортшы мезгілісіз дүниеден озады.

Шара барысында жерлесіміз Серікті еске алып, бір минуттық үнсіздік жарияланды. Әнұранымыз шырқалып, жастармыз патриоттық сезімге бөленді.

Серіктің құрметіне арналған турнирге жиналған спортшылар мен үлкен шараны тамашалауға келген халықтың қарасы молынан бодды. 2018 жылдан бастау алып, күні бүгін жалғасын



Спортшылар жанашырағалары Мереке Исмагуловқа дан риза

тапқан турнирді Меңдіқара ауданының әкімі Ғабит Бекбаев ашты. Спорттық шараны ұйымдастырған ұйымдастырушыларға өз ризашылығын білдіріп, спортшы жастарға сәттілік тіледі.

- Спорт пен денешынықтыру бүгінде қолға алынып, жастарымыз жақсы нәтижелерге қол жеткізіп жүр. Бұның барлығы спорт жанашырларының үлкен еңбегінің арқасында деп түсінемін. Жаңа чемпиондардың есімдері анықтаалып келеді. Бүгінгі шарада да біздің спортшыларымыз зор нәтижеге қол жеткізеді деген сенімдемін. Бүгінгі турнир, сөзсіз, көптеген талантты және грепплингке құмар балалар үшін өзін көрсетуге тамаша мүмкіндік болып табылады, - деді аудан басшысы Ғабит Мәжитұлы Бекбаев.

Жерлесіміздің құрметіне орай өткізілген турнирде

аудан әкімі Қостанай облысы мен Меңдіқара ауданында грепплинг дамуына белсенді ұстанымы үшін, сондай-ақ, грепплинг дамуына демеушілік үлес қосқаны үшін Меңдіқара ауданы әкімінің Алғыс хатымен, шараға анайы қатысқан «Қазақстанның жекпе-жек өнері қауымдастығы» Қостанай облыстық грепплинг федерациясының басшысы Мұрат Бекмұхамбетовты марапаттады. Қазақы салтпен Мұрат Ғазизұлына шапан жабылды.

Спорт жанашыры, көптеген игі істердің жаршысы, іс-шаранын ұйымдастырушысы, Серік Жақсылықұлының ағасы Мереке Исмагуловта шара барысында халық алдында сөз алып, өз ризашылығын білдіріп өтті.

«Олжа Агро» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өңірлік басшысы Аслан Оразбаевта спорт бәйгесінде жас спортшыларды

құттықап, ақжарма тілегін білдірді.

«Юбилейный» Мәдениет үйінің өнерпаздары өз өнерлерін көрсетіп, жиналған қауымның қошеметіне бөленді.

Нәтижесінде бірінші орынды «Аламан» (Қостанай) командасы иеленді және 150 мың теңге жүлдені, екінші орынды және 100 мың теңгені «Qazaq Batyru» (Қостанай) командасынан, үшінші және 50 мың теңгені «ММА» (Қостанай) командасынан алды. Меңдіқара ауданының «Mendykara Team» командасы қола жүлдегерге бір ұпай берді.

Сондай-ақ, кубок пен 25 мың теңге «Үздік техника үшін» Ахмет Ибрашевке («Qazaq Batyru») және «Жеңіске деген ерік үшін» Александр Чирковқа («Mendykara Team») табысталды.

Тұрсыннай МҰХТАРҚЫЗЫ